

1 2006


6024к



Жыр  
жаянтары

Жұматай  
ЖАҚЫПБАЕВ

# Кенежирен



RARITY  
PUBLISHING  
COMPANY Ltd




**Жұматай Жақыпбаев**

# **Кенежирен**

**Өлеңдер**

**Алматы  
«Раритет»  
2005**



Күмән Жарысаса

КЕҢГІНДЕХ





Жыр  
жазунары

Жұматай  
ЖАҚЫПБАЕВ

# Кенежирен

Серия 2005 жазылған әдебиеттің тарихи көзүйі

Серийнин негізгі авторы Г. Сабактаев

Рекомендациялық тираж 50000 күннен көп



## Олеңдер



PUBLISHING  
COMPANY LTD

1502520501-30  
Ж 413(02)-00

1502520501-30  
Ж 413(02)-00

**ББК 84Қаз7-5**

**Ж21**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігі**

**Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды**

**Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді**

**Серияның негізін салған 3. Серікқалиұлы  
Көркем безендірмесі негізін салған А. Тіленишев**

**Жақыпбаев Ж.**

**Ж21      Кенежирен: Олеңдер/Құраст. Б.С.Қошым-Ногай. —  
Алматы: Раритет, 2005. — 288 бет. — «Алтын қор»  
кітапханасы.**

**ISBN 9965-663-93-9**

Жұматай Жақыпбаев — жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан аса дарынды ақын. Оның «Кенежирен» атты бұл жинағына таңдаулы лирикалық олеңдері енгізіліп отыр.

Ақынның достан зият жирен ат пен аққұба оннен өсем аруға арналған антологиялық сипаттағы інжу-маржан жырлары, шұғынық гүлдің торқіні — туған топыраққа тағзыым еткен тамаша туындылары таңдай қактырып қана қоймайды, жүртшылық жүргегіне үя салып, қырық құбылтып құйқылжытқан бүлбүлдай мыңсайрам күйге қандырады.

**ББК 84Қаз7-5**

**Ж 4702250202—20  
413(05)—05**

**ISBN 9965-663-93-9**

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірғен Б. Серікбай, 2005

## **«АРТТЫРА БЕРСІН БІЛГЕННИҢ ҚАДІРІН ӨЛЕҢ,...»**

*(Алғы сөз орынына)*

**Жұматай (Жұмабұл-Шора) Сагадиұлы Жақынбаев (1945—1990) — қазақ өлеңінің төрінде ерекше орыны бар аса дарынды тұлға. Ажал мәуріті жетеп, қырық бес жасында дүниеден озған аргымақ ақын:**

*«Калмаймын деп мынау өмір көшінен,  
Жастай зерек, гажайып күй кешіп ем.  
Жан адамнан жасқанбай һәм жасымай,  
Құнанбаев Оспан құсан өсіп ем», —*

деп өзі жырлагандай, өмірден өткенше «иттен де қалған, құстак да қалған» көңілін күймен әлділеп, кеудесін жан адамга бастырмай, асқақ еңсесін төмен түсірмей, асыл жырга адалдығынан айнымай кетті.

Жұматай Жақынбаевтың қаламынан туган дүние аз емес. Бірақ «сөз патшасына» шынайы берілген жыр періштесі шыгармашылық өнерді биік талғамның әділ таразысына тартып, ұлы Абайша «өнер шашпақты» мұрат тұтты. Сондықтан да жыр бәсіресіне тұстастарынан ертерек ер салғанмен, ол үш жарым мүшел ғұмырында «Саратан» (1979), «Ләйлә» (1981), «Шұғынық ғұл төркіні» (1984) секілді үш-ак кітаптың шыгарды. Оттыз кітабы жарық көрсе де отбасы, ошақ қасынан алысқа аты беймәлім қалам иелеріндегі емес, Жұматай осы жыр жинақтарымен-ақ қазақ поэзиясына жаңа серпін, өзгеше өрнек, соны сапа алып келді.

Еліміздің ежелгі тарихын ерінбей-жасалықпай өз бетімен іздене оқыған Жұматайдың қоңтеген өлеңдерін ұгуга әдеби сауаты тәмен қаймана қазақтың қабілеті мен қарымы жесте бермейді. Оның оқырманына айналу үшін жай гана поэзия жанкүйері болу жеткіліксіз, ойлы оқымыстырылған та қажет. Немесе ақынның:

«Бір гажсан сурет көрдім деп ертең мақтанаған,  
Богенниң жері болектеп маган сақтаған,  
Ер Кыпшақ Еділ Еуропадан да көрмеген,  
Жалайыр Мұқылай таңгуттардан да таппаган», —

тәрізді бірнеше мыңжылдықты қас қазымда нарақтап тас-  
таған қағілездігіне қалай ілеспексің?!

Ақынның «Ғұндардың жүргегі» атты өлеңі «ХХ гасырдың Гомері» аттанған ұлы Жамбылдың Грузияга барған сапарын-  
дагы бір қызықты сәтке арналған. Кеңестік дәуірдің тоқы-  
рау кезеңі деп аталатын жылдарында туган осы бір га-  
жайып өлең Жұматай жырларының көкке қолын созған биік  
шоқысындағы көрінеді. Тогыз ауыз өлеңнің тұла бойында «тоқ-  
санға келген екейлік ғұндардың шалы» Жамбылдың аты мұл-  
дем ауызға алынбайды да. Бірақ теңдесі жоқ, суреткерлікпен  
сомідалған ұлы ақынның бұл күндөрі ақызға айналған ерекше  
бейнесі көз алдында көлбендең тұрып алады.

Жұматай жырын түсіну үшін Шыбыл шалдың Жамбылга  
айтатын әйгілі:

«Екінде елу бақсы, сексен ақын,  
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.  
Көбізы, домбырасы үнін қосып,  
Гүлейді жын ұргандай кешке жақын», —

дейтін өлең жолдарын еске алғып қана қою аз, яғни қытай  
жылнамашыларының тарихи жазбаларында хатталған  
шежірелік мәліметтерден де хабардар болуга тиістісіз.  
Сонда гана өлеңге өзек болып отырган «Күржістанга келіп  
кірген керік қас ғұн» ежелгі екейдің (икюйдің) ұрпагы, ХХ  
гасырдың алғып жырауы Жамбыл екенін жазбай танисыз.  
Ал «Ғұндардың жүргегі» атты бұл өлеңнің қадір-қасиетін  
толық ұғындыру үшін арнайы мақала жазуга тура келеді-  
ау, сірә! Сондықтан біз оған тоқталып жатпай, Жұма-  
тай жырларына жақындаі түсудің, оның білікті оқырмá-  
нына айналудың бір жолын мегзей кетуді гана мақсат  
еттік.

Жұматайдың:

«Арттыра берсін білгеннің қадірін өлең,  
Марғұлан айтса ақылы, сабыры кенен,  
Богдыхан қызын беретін Үйсіндер кеше  
Елге таң, ірі ұланын Тәңірі деген»;

немесе:

«Ғашықтың тәмәм, болды ма еркелік тәмәм?  
Қарардай әлем Сен құсан жеркеніп маган.  
Намыс пен мұндан Мысырга халифа болған  
Ұбақ Қыпшақтай ызадан өртегеніп барам», —

дейтін өрнегі өзге шумақтары да таңгажайып тың тенеулерімен таңырқатып қана қоймай, тағылымы терең тарих тұңғышығына қарай жетелеп, Абай атамыз айта беретін «білмекке құмарлығынды» оятауды, сезіміңмен қатар зердеңді де байытады. Жұматайды мұндаиды — оқыған сайын ойланырып, түсінген сайын таң қалдыра берер татымды да тартымды, талант құдіретіне тәнні етер таңгажайып өлеңдер тен-тен. Бұл — Жұматайдың бір гана қыры. Ал оның сегіз қырлы, бір сырлылығы — күйшілігі, композиторлығы, оқымыстырылышы өз алдына. Тіпті қолына боксши қолгабын киіп, шаршы алаңда сынга түскен сәттері де замандастарының есінде.

Жұматай жырларының ең шұғылалы беттері «атын дастаннан алған, қап-қара көзі, шашы бар, аққұба ән» Ләйләға арналған топтамасы мен «іштен тұа қасқа бас, молда мінсе, дұғасынан тастамас» ала аяқ Кенежиренге қатысты өлеңдері деп айтуда болады. Э деп әдебиетке келгенде «Данте Алигьери қолдап, Франческо Петрарка сүйеген» балаң ақын қазақтың сал-серілік дәстүрінен де көз жазбай, өз Ләйләсін әлем әдебиетіндегі аяулы бейнеге айналған Лаура дәрежесіне жеткізіп, Кенежиренін Ақан серінің Құлагері секілді үкілейді. Жұматай жырларымен жүздескен сайын ақынның «қарашадай кезден жастаңған қиялымен» қайта бір қауышып, бәйгеден алшаңдай басып келген ала аяқ жиреннің кекілінен сипағандай күй кешетініміз бар.

Жұматай Жақынбаевтың толық шыгармалар жинағын шыгару — баспағер қауымның алдында тұрған қасиетті парыз. Оқырман қауымның эстетикалық сезімін байытып, сұллықты суюге баулитын, өмір сүруге құштарлығынды еселеп арттыратын бұл жауһар туындылардың баянды ғұмыры басталғанына көз жеткелі қашан. Әзірге ақынның қолымызға тиіп отырған бір томдық таңдамалы лирика кітабы сусаган шөлімізді бір басып, аңсарлы қөңлімізді жұбата тұрсын.

Байбота Серікбайұлы ҚОШЫМ-НОФАЙ,  
акын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты.

## ӨЛЕҢДЕР

\* \* \*

«Я помню чудное...»

А. Пушкин.

Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде,  
Көп кеңеге қай бетіммен кектенем?  
Бізге бақтың қолы бүгін жетер ме  
Мұқағали, Төлегенге жетпеген?

Байлық менің тие алмайды жыныма,  
Құдайсызға керегі не пітірдің?  
Мені егерде көзге ілмесе құбыла,  
Онда мен де құбылаға түкірдім.

Менің жаным мейірімге құмар тым,  
Достарым көп шалқар көніл, сайын үн.  
Жез шығатын жерден шыққан бір алтын  
Жымысын жиямын деп байыдым.

Биік әнді сүйе алмайды өзге ерін,  
Мұндай бақты тұра алады кім ұстап?  
Мен бір гүлдің гауһар мінез сөздерін  
Жүргіме құйып жүрмін уыстал.

Соны көрем өңімде һәм түсімде,  
Әлемге үлгі көрсетеді ол әлі.  
Ол өкімет орнатқан бақ ішінде  
Әкімдікten ақындық шен жоғары.

Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде,  
Көп кеңеге қай бетіммен кектенем?  
Бізге өлімнің қолы, сірә, жетер ме  
Мұқағали, Төлегенге жетпеген?!

## ЛӘЙЛӘ

\* \* \*

«О, Ләйлә, мұңсызбын демеспін,  
Қайғырса, қанатсыз емес кім?!  
Бірақ та жынданып кететін  
Мен саған Мәжнүн емеспін!»

Бала күнгі өлеңнен.

Қасы да керік, қара алмас көзді, ай қабақ,  
Мойныңа жұқа алқызыл шарф байладап ап,  
Алаулап жүзің аса бір асқақ нұрменен,  
Алыстан түрдің көз қарасыңмен аймалап.

Қарадың солай, қарадың солай, обал не,  
Қарамадың ба, жоқ әлде?

Кетіп те қалмай, кетіп те қалмай содан көп...  
Керемет бір ой кешікпей маған соғар деп,  
Балалық шығар, бармадым сенің қасыңа,  
Батырлығым өз басыма пәле болар деп.

Ойладым солай, ойладым солай, обал не,  
Қате ойладым ба, жоқ әлде?

Қуаныштан құліп, ойым бір шалқып билемек,  
Кеттім мен сосын күнәсіз арман сүйрелеп.  
Қап-қара шашты бала ақын болып түр екем,  
Қабырғадағы айнаны көрсем үйге кеп.

Ақын боп кеттім, ақын боп кеттім, обал не,  
Болмайын ба, жоқ әлде?

\* \* \*

Тынып ем, тұнайын деп тыныллын ғой,  
Сен мені көрмеген соң ұмыттың ғой.  
Жанымда мұң бар еді мың бәлелі,  
Мен соған түсе-түсе құнықтым ғой.

Мен қазір көз салмаймын айналаға,  
Ләйлә дертін жазар деп Ләйлә ғана.  
Елден ерек бұ не бұл? Тәкаппар ұл  
Көп ойлап, қиялиға айнала ма?  
Бұл мінез ұят болды. Ұят болса,  
Мен енді қашайын ба айдалаға?

Бозбала ақын — қай жөнді ес білемін,  
Бір арман қөкейімді тесті менің!  
Көрінгеннен сұрадым — көрінбедің,  
Әғирлерден жыладым — естімедің.

\* \* \*

Ханшадай өзін ұстаған,  
Қара алмас көзді, бал ерін,  
Басынан құс та ұшпаған,  
Бұла есken асқақ жан едің.

Қара оқа құсан бұрымың  
Жарқылдан әрбір талы да,  
Жарасып барлық қылышың,  
Жараспай пенде жаныңа,

Көңілің балқып тәтті әнмен,  
Кірпігің, қасың дірілдеп,  
Өтуші ең жасыл бақтармен,  
Өтуші ең шалқи құлімдең!

Жадымда қалды жатталып:  
Бек әсем қызыл көйлегің,  
Күлуге сол сәт шақ қалып,  
Қасынды керіп сөйлеуің.

Жыр болсын басқан ізің де,  
Аңыз боп атың әдемі.

Тәкаппар аппақ жүзінде  
Тарыдай бір мен бар еді.

Жанымда бір мұң жетті де,  
Жабығып өтті уақытым.  
Тарыдай менде кетті ме  
Таба алмай қойған бақытым?!

\* \* \*

Қиялым едің қаршадай кезден жастанған,  
Көретін болдым өмірден енді түрлі сын.  
Сүюден сені жоқ еді менде басқа арман,  
Қылыққа сол бір қызығып, күліп жүрмісін?

Күле ғой, жаным, күрсініп шыққан өр үнге,  
Гәнжәуи жазған жырдағы қызбен аттас ең,  
О, Ләйлә, егер болмасаң өзің өмірде,  
Басқа мұратты бас қатырсам да таппас ем.

Арманшыл жанның бәрі де қиял мол шақта  
Жандарын өртеп, түсетін шығар отты ізге.  
Махаббат даңқын шығарар ақын болсақ та,  
Өмірде, мүмкін, сүюден опа жоқ бізге?!

Дегенмен, кейде телміртіп әrbіr асылға,  
Жаныңды жұлып, жадағай үміт тонаиды-ақ,  
Басымды сипап басқа бір қыздың қасында  
Далаға қарап отырам сосын сені ойлад.

\* \* \*

Айыбым болса, кеше жүр,  
Асқақтау жердің маралы.  
Жырладым сені неше жыл,  
Жындантып неше қаланы?

Траптан түссең алға аттап  
Тәкаппар, асқақ түрменен,  
Қалың ел сені ардақтап,  
Қарсы алса деп ем гүлменен.

Дүние діні, тілі көп,  
Дүрлігे жылда той қамдал,

Ләйлөнің туған күні деп,  
Ләйлісе деп ем мейрамда.

Жетпеспін сонау арманға,  
Жеткенмен менде құдірет.  
Ақынның тілін алған ба  
Адамзат ауылы бір рет?!

\* \* \*

Айта алмайтын бағасын кейде ерін дәл,  
Мерзімі бар сақталар бейненің де әр.  
Күнде естесің — меңің бар ақ жүзінде,  
Биқасап көйлегің бар.

Жадым жақсы, жағымды қинамайын,  
Ибасы да асқақтау, илан, айым;  
Көзді жұмсам, шығады бір көрініс  
Фажайып кинодайын.

Адам қатар өсірген айламенен,  
Айнала — ағаш, жап-жасыл айнала — емен,  
Көленкеден шығасың... Басталады  
Бір фильм «Ләйлә» деген.

Фажап фильм осынау өнірдегі ең,  
Соны көріп мұңаям, көнілденем.  
Жазып, қойып, шығарған режиссері  
Бар оның Өмір деген.

\* \* \*

Безенбесе, безенер үйі өрнекпен,  
Сол шаһарға басымды ием көптен.  
Жұпар аңқып — мамырда, ақшам туса,  
Жайнайтын неонды отпен.

Жан-жағыма қарауға үлгермей көп,  
Өз босағам, өзімнің іргем ғой деп,  
Асқақ келе жатушы ем, жермен емес,  
Аспанмен жүргендей бол.

Көше бойлап қаз-қатар өріктері,  
Тауса алмайтын гүлдерін төгіп, тегі.

Қазірде ол ғажайып, бір заманда  
Мұнан да көрікті еді.

Жүгіртемін мен оны енді өр саққа,  
Тұтінінен сейілтер желді аңсал та.  
Өркенdedі, қанша өсті, әсемдігі  
Жетпеді сен бар шаққа.

\* \* \*

Несер қылған қой көздің шекім мұнын,  
Қозы мінез бір лирик отыр, күнім.  
Отыр, күнім, алдында, мен айтайын  
Ақынның шопырлығын.

Күрмелмеген, күмілжіп бір сәт тілі,  
Құлімсіреп алдынан тұрса ақ күні.  
Қолын артқан рульден берілгендей  
Автоға жұмсақтығы.

Терезеден желемік самал өпсе,  
Самал өпсе — сергітер амал етсе,  
Зуылдайды сүр «Волга» асфальтпен  
Жатаған самолетше.

Айналамды автодан шолам келіп,  
(Зуласа ағаш — көк жасыл боран делік)  
Әкем мениң әкеткен мейірімді  
Жүрмін-ау содан көріп.

Имандай шын жыршының осы айтқаны,  
Осы айтқаны секілді дос айтқаны...  
Анадайдан үш кемпір көрінді де,  
Қолдарын шошайтпады.

Үш кемпірдің тұсына бірақ өлгі  
Сусылдаған сүр «Волга» тұра қалды.  
— Апа, мін, — деп ашылды айқара есік,  
Қалды есте бұ да мәнгі.

Жарып өтіп Жетісу нуын дағы,  
Сүр бедеуше автосы зуылдады.

— Қол көтеріп неліктен тұрмайсыздар?..  
Диалог туындағы.

— Қол құрғырды «Уолга» деп көтермедік,  
Көтерсек те көкип өтер дедік.  
Камшы сабы тірлікте аналарды  
Ардақтап өтер ме едік.

Басқамызға сол сөзге кейін күлген,  
Сабақтады басқаша ол ойын мұлдем.

— Барлық ана сиятын авто болса,  
Шофер боп  
Өтуге де бейілмін мен.

Телеэкран көзімен жайлы әлемге,  
Қарай-қарай өзіме айнамен де,  
Байқағаным — үқсастық сол ағаммен  
Бар екен, Ләйлә, менде.

\* \* \*

Кек орман, орман айнала,  
Тек алтын, алтын аңсары.  
Талай күн қаңғып тайгада,  
Талапты ер өбден шаршады.

Шықты алдан тайга бұлағы,  
Жүк түсті зілдей арқадан.  
Іздеуші келе құлады  
Оқ тиген жандай шалқадан.

Қызыл тас — бақ та, бақыт та,  
Сол тасты іздел келеді.  
Демалып шаршап жатып та  
Бұлаққа қарай береді.

Мөп-мөлдір, үңіл, үңілме,  
Бұлақ та жатыр жасырмай.  
Төмпешік, әне, түбінде,  
Тұп-тура қолдың басындей.

Тұнба мен батпақ бүркепті,  
Алмады тастан жүзін бұл.

Бір сәтте судан жылт етті,  
Жылт етті ғажап қызыл нұр.

Жанына сол бір нұры ұнап,  
Лезде қозып сайтаны,  
Батпақтан тасты жұлып ап,  
Бар күшпен суға шайқады.

Жатыпты-ау мұның жолында,  
Жарқ етті, жүзін жасырмай.  
Сары алтын тұрды қолында  
Тұп-тура бақтың басындей.

Сан ғасыр бұлақ аққанмен,  
Көрінбей жүртқа алтын да,  
Батпақта, суда жатқанмен,  
Қалыпты қымбат қалпында.

Ешкімге сенен бұрылмай,  
Мен сениң нәзік өңіңен  
Алтынның құйттай нұрындаі  
Ғажайып бір нәр көріп ем.

Жыр жазып саған шарқ ұрдым,  
О, Ләйлә, сен де асыл ең,  
Шайғандай жүзін алтынның,  
Су емес, көздің жасымен.

\* \* \*

Ғажайып сәт неге қысқа сонша, әттен,  
Қарадық та қызығына тоймадық.  
Бір көргеннен жалт қаастық, сол сәттен  
Қара көзбен сиқырлы ойын ойнадық.

Жаңа мінез — жастық өбіп тұнімен,  
Жарық таңда жан боп туып үлгілі,  
Шақырымнан қара көздің нұрымен  
«Сенікімін» деп сөйлемдік бір күні.

Көңіл босап, аяулы боп түріміз,  
Көрейінші деген оймен бір анық,

Қарыс жерден бірімізге біріміз  
Жете алмайтын жандардай бол жыладық.

Жан толқытып тік керілген қас пенен  
Ерініңен үлбіретіп құлкінді  
Тұрғанында тіл жеткісіз асқақ ен,  
Асқақ едің сұлулықпен біртұрлі.

Сол сәтті мен қаншама рет ойладым,  
Қаншама рет айттым оны отты үнмен?!  
Қара көзбен сиқырлы ойын ойнадым,  
Одан артық қызық көрген жоқпын мен.

\* \* \*

Екеуіміз екідай жолды өттік,  
Өрлерге жетелеп от кеуде.  
Көп жанға дарыған сергектік,  
О, Ләйлә, емге де жоқ менде.

Сонда да сен үшін көнем де,  
Бұл басқа қылыш бір бақ қонса.  
Мен жылап жазған бір өлеңге  
Күлді жүрт ішегі қатқанша.

Күлді жүрт. Қосыла күлдім мен,  
Еріген секілді жеке мұн.  
Сол жолы күлдім мен, білдім мен  
Қайғың да қуаныш екенін.

\* \* \*

Кермиығым, мен сені кеш аңсадым,  
Қаншама рет тоқтады десенші әнім.  
Ен дәүлеттен айрылған сияқтанам  
Еске түссе ессіз күн, есер шағым.

Жұтқызбаған жұпарын жалбыз едің,  
Жалбыз едің, жанымның жалғызы едің.  
Кербез күшпен келдің де, билеп алдың  
Келбетіңмен кеудемнің жанды жерін.

Бейнең сениң өңге бір, түсте бір кеп,  
Диуаналық жолдарға түскемін көп.

Таусылған соң амалым, тұрам ылғи  
Тағы да бір қығылық істегім кеп.

Іздегенім сен болсаң, таптым қайғы,  
Ондей жанға байыздаپ бақ тұрмайды.  
Қисық, қыңыр болса да мен жүрген жол,  
Бақыт үшін күреске таптырмайды.

\* \* \*

Мұңымды алғым кеп таратып,  
Бір күні «Жетісу» қырынан  
Ала аяқ жиренді жаратып,  
Таудағы той жаққа құрығам.

Сол күні, жақсы ойға шым батып,  
Дертімді өзіңнен көріп шын,  
Қап-қара «Волганы» зырлатып,  
Арнайы мені іздең келіпсің.

Таппапсың. Соңынан, не керек,  
Бір топ жан өкпесі желбіреп,  
Жарыса айтқан-ды: «Керемет  
Бір сұлу сені іздең келді», — деп.

Кимелеп, итеріп шеткіні,  
Айтты олар көптеген сөз әйбат:  
— Жүзінде мені бар, — деп бірі,  
Біреуі:  
— Дариға-ай, көзі-ай, — деп.

Біреуі сені айтып жарқырап,  
Біреуі мені ойладап тұр сұлық.  
Ал менің өн бойым қалтырап,  
Мұңайдым бір қызып, бір суып.

Той іздең...

Арман ба ол көктегі,  
Нем бар ей, ол тойда ісім не?  
Сабайтын бір адам жоқ мені,  
Жоқ мені сүйетін кісі де.

\* \* \*

Көк аспан оқалы жіп төкті  
Құйылтып көгілдір бақтарға.  
Аланда билер де бітпепті,  
Көп қызық сол күні жатты алда.

Тек сырлар кеудеге тұрды енбей,  
Уақытша аулақтап іргеміз.  
Ат барда жаяулап жүргендей,  
Сейлестік басқа бір тілде біз.

Қысылып тұрдым мен, оттар көп  
Жұзімді жандырды, лаулатты.  
Жастықта бәйге деп, көкпар деп,  
Еш бимен жұмысым болмапты.

...Көп өтті содан соң билеп күн,  
Есейдім, жалынды қүйге ендім.  
Сен маған сүюді үйреттің,  
Билемді өзім-ақ үйрендім.

\* \* \*

Алдынан менің жасыл тау, қызыл таң күлген  
Өспірім күнім, тәуелсіз, тентек шағымда  
Қаратал жақта бетпе-бет келіп қалдым мен  
Биқасап киген бетінде мен бар сағымға.

Жанымда қалды жанары күндей сол өңі,  
Ұмытқан жоқпын ернін де, екі-үш сөзін де.  
Тектілік, шаттық, өрліктен басқа жоқ еді  
Мені бар жүзі менмендеу қара көзінде.

Аспанға шықты-ау асқақтап бала көңіл де,  
Арнап ол маған аузынан гүлдер төгісін!  
Аспанға, Жерге, Ауаға, Баққа, Өмірge  
Ақындық күшпен жаудырдым алғыс сол үшін.

Алдияр, Өмір! Сағыныш қүйін төгіп кіл,  
Сарғайған кезім, саяқ та сартап шағымда  
Қайтадан бір сәт, бір сәтке ғана жолықтыр  
Ақ жүзді, менді, атынан сұлу сағымға!

\* \* \*

Тандай қызыл, құмдай сары, шымдай көк  
Сан бояулар садақ сапша сынбай кеп,  
Жерге иілді — романтик ақынның  
Киялышың траекториясындай боп —

Кемпірқосақ — аспан төлі көктемгі,  
Мензеді де мекенім деп көк белді,  
Көзімді арбап, кекірегімді қуантқан,  
Лезден сон ізім-қайым жоқ болды...

Файып болды жаңбыр соңы — салқын да,  
Тандай таза таңғажайып қалпында.  
Елесі бар, денесі жоқ, енді өзі  
Көрінбесе, көре алмайсын алтынға.

Сен де сондай көз қуантар жан едің,  
Бір көріндің, көріндің де, әдемім,  
Файып болдың, ғашық жүрек сандалып,  
Талып іздеп, таба алмай жүр әлі емін...

Көк сиқырын бүгін бір сәт аймағым  
Көрсеткен соң, ұмыттым да қайғы әнін,  
Кемпірқосақ тұрған тұсты нұсқадым:  
«Анау тұрған әпкесі, — деп, — Ләйләнін»

\* \* \*

Фажайып сәттің туарын сезіп те керім,  
Күн мінез Ләйлә, күлімдеп кезіккен едің...  
Ерке жүректі, ер кеуде, ессіз құсының  
Естімедің бе: «Ләй-лә», — деп ежіктегенің?!

Ойламай жүріп жан бар деп жалғанда керім,  
Әлемнен мынау көңілім қалғанда менің  
Өзінді көріп өспірім, көзінді көріп,  
«Ақын болсам, — деп, — атақты», — армандал едім.

Басқаны көңілім бас алмай көксер ме менін?!

Арманым, саған атың мен затыңа лайық  
Мәжнүн болып көрнекті, жетсем деп едім.

Тағдырға маган оңай бақ әперме деуші ем,  
Ойлаушы ем жұрттың бәрін де әкем деп өңшең...  
...Гүл іздел жүріп күнінен айрылып қалған  
Әпенде көрсөң, сәлем айт, әпенде көрсөң!

\* \* \*

«Ләйләң қайда?» — деді маган күліп күн,  
«Ләйләң қайда?» — деді маган күліп түн.

Дүниенің көріп жүрген күллі елін  
Көрдім маган күннің қатты құлгенін.

Қатты күлді, әйелдерше күлді кеп:  
«Сені тосып жүре ме ол, — деп, — үлбіреп?!»

Құшағы бар аялайтын аялы,  
Түн мұсіркеп, түн кеп мені аяды.

Аяды кеп, аялады, күлмеді,  
Қоныр үнмен жұбатты кеп түн мені:

«Мәңгі түнге жеткеніңше уақыт көп,  
Күлкілі бол жүрісің де бақыт», — деп.

Аямайтын күн болып кел — бәрібір,  
Аялайтын түн болып кел — бәрібір,

Сені, Ләйлә, қара көзді киелім,  
Қайыспастан қара жерше сүйемін.

\* \* \*

Джоконда туралы енді кештерде  
Файбат сөзін айта алмайды еш пенде.  
Сөздерден де ол, көздерден де ол жоғары,  
Жоғары енді ол ақылдан да, естен де.

Оның сонау сүттей аппақ жамалын  
Жаңа үрпаққа көрсетеді жаңа күн.  
Джоконда миығында — жымыс,  
Қарайды енді ол басқа арулар заманын.

Ой түсірген Суретшіге, Ләйлә, ана,  
Джоконда — Джоконда қайда да!  
Бірақ енді ол сен секілді қуанып,  
Енді ешқашан қаранбайды айнаға.

Жаным Ләйлә, мендегі осы жыр үшін  
Әзір аман, әзір саусың, тірісің.  
Артық одан — сенің қасың, көзің де,  
Артық одан — жымысың, күлісің.

Сен — артықсың!  
Болдым бірақ мен сорлы.  
Сол сорлылық көтертпейді еңсемді.  
Суретші бол жаралмадым,  
Бейненди  
Жазар едім дәрменіммен ең соңғы!

Сен — артықсың!  
Оған мына таң куә,  
Бірақ басқа амал сенде қалды ма?!

Сенің ұлы Суретшің жок,  
Сондықтан  
Баарарсың бір фотограф алдына.

Ауып саған фотограф көнілі,  
«Дайындал» деп көрсеткенде қолы, ымы,  
Білмейді гой суретші бол тұрғанын,  
Суретші бол тұрғандығын ең ұлы!

\* \* \*

Бастан өткен ғажайып сәт көбі ұмыт!..  
Жан кіретін кез қайда екен бақтарға  
Ауызындан алқызыл гүл төгіліп,  
Анадайдан өзің келе жатқанда?!?

Өмір — ғажап! Сұлу болсын мұнан да,  
Келісімнен тұрады оның күйі ішкі.  
Жүректердің билеушісі туарда,  
Оны иілтер жан тууга тиісті.

Туар, туар талай ғажап ұл да әлі,  
Көш жолымен шайырлар да жиі өтпек.

Жұлдызымен қоса тұған тұлғаны  
Әкете алмас ешбір шайтан иектеп.

Он жетімде сен жайнаттың көзімді,  
Үйрендім мен қарауды өстіп гүлге де.  
Нағыз адам санаймын мен өзімді,  
Сондықтан да қалай болған құнде де.

Өзі өскенмен, суара алмас гүл өзін,  
Оны әлпештер туған жердің құшағы.  
Ақкуларға тартты менің мінезім,  
Ол да ұнамды қасиеттің нышаны.

Мен қазақтың аққуынша сөйлермін,  
Гүлдесін деп болашақтың жас елі.  
Бәрі-бәрі сенің сұлу бейнеңдің  
Тіл жеткісіз, айтып болмас өсері.

Мен өркен боп жайнаған жер құнарлы,  
Ол жайында бере алмаспын жазып түк.  
Жер астының сұры өсірсе шынарды,  
Мені өсірді елімдегі нәзіктік.

Әңгіме өсер менің әрбір ізіме,  
Соны қөрем мен қөре алмас көп күннен.  
Қара көзің және нұрлы жүзіңе  
Мәңгі-бақи борышты боп кеттім мен.

\* \* \*

Жанға айтпай, жақсы ұрының бір өзі үптер  
Сезілмес ауырлығы, міне, жүктер:  
Ішінде шыны жайма, қызыл барқыт,  
Сары алтын: сақина, алқа, білезіктер.

(Ұрының өз басына өз қастығы).  
Тігілді төбеден кеп көз, қас, міне.  
Ішінен исі металл оны оздырған —  
Жарқылы, жақсы өлеңдей тозбастығы.

Жаймаға кимелеуге ел жалыққан ба!  
Топтанып қалды лездे халық маңға.